

"Мұғалжар ауданы, Батпақкөл ауылдық округі, Жаркемер ауылына көше атауын беру туралы" Мұғалжар ауданы Батпақкөл ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 17 қарашадағы № 10 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Батпақкөл ауылдық округінің әкімінің 2016 жылғы 21 қазандағы № 11 шешімі. Ақтөбе облысы Әділет департаментінде 2016 жылғы 28 қарашада № 5145 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4)-тармақшасына және Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 50-бабының 2-тармағына сәйкес, Батпақкөл ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Батпақкөл ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 17 қарашадағы №10 мемлекеттік тіліндегі "Мұғалжар ауданы, Батпақкөл ауылдық округі, Жаркемер ауылына көше атауын беру туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-9-74 тіркелген, 2008 жылдың 10 желтоқсанда аудандық "Мұғалжар" газетінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген мемлекеттік тіліндегі шешімнің кіріспесінде:

"және Қазақстан Республикасы үкіметінің 2005 жылғы 21 қаңтардағы №45 "Қазақстан Республикасы мемлекеттік ономастикалық жұмыс тұжырымдамасы туралы" қаулысына" сөздері алынып тасталынсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Батпақкөл ауылдық
округінің әкімі*

Ж. Алданиязов